

Екінші деңгейдегі банктің немесе банктік холдингінің ірі қатысушысы мәртебесіне ие болуға келісім беру тәртібі туралы ережені бекіту жөнінде

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 25 маусымдағы N 255 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 6 тамызда тіркелді. Тіркеу N 1611. Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 9 қаңтардағы N 3 қаулысымен.

Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 9 қаңтардағы N 3 қаулысымен .

Ескерту: Атауында және бүкіл мәтін бойынша "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің" деген сөздер алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 27 қазандағы N 376 қаулысымен .

Қазақстан Республикасының банктік заңнамаларын жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Екінші деңгейдегі банктің немесе банктік холдингінің ірі қатысушысы мәртебесіне ие болуға келісім беру тәртібі туралы ереже бекітілсін және Ереже мен осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енгізілсін.

2. Банктерді және сақтандыруды қадағалау департаменті (Мекішев А.А.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Екінші деңгейдегі банктің немесе банктік холдингінің ірі қатысушысы мәртебесіне ие болуға келісім беру тәртібі туралы ережені Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны және Екінші деңгейдегі банктің немесе банктік холдингінің ірі қатысушысы мәртебесіне ие болуға келісім беру тәртібі туралы ережені Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

3. Осы қаулы және Екінші деңгейдегі банктің немесе банктік холдингінің ірі қатысушысы мәртебесіне ие болуға келісім беру тәртібі туралы ереже күшіне енгізілген күннен бастап:

1) мыналардың:

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының "Банкке бақылау жасау құқығына ие болу және жүзеге асыру шарттары туралы" Ережені бекіту туралы" 1996 жылғы 28 наурыздағы N 80 қаулысының ;

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1996 жылғы 28 наурыздағы N 80 қаулысымен бекітілген "Банкке бақылау жасау құқығына ие болу және жүзеге асыру шарттары туралы" ереженің күші жойылды деп т а н ы л с ы н ;

2) Екінші деңгейдегі банктің немесе банктік холдингтің ірі қатысушысы мәртебесіне ие болуға келісім беру тәртібі туралы ереженің талаптары қолданылатын, оның ішінде банкке бақылау жасау құқығына ие болуға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің рұқсаты бар тұлғалар екінші деңгейдегі банктің немесе банктік холдингтің ірі қатысушысы мәртебесіне ие болуға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің келісім алу үшін жоғарыда аталған Ережеде белгіленген тәртіппен 60 күнтізбелік күн ішінде өтініш беруге не осы мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне растау құжаттарын бере отырып, банктің дауыс беруші акцияларын тікелей немесе жанама иелену үлесін он проценттен төмен деңгейге дейін азайтуға міндетті.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің Төрағасы Г.А.Марченкоға жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қ а з а қ с т а н		Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Ұ л т т ы қ	Б а н к і	Б а с қ а р м а с ы н ы ң
2 0 0 1	ж ы л ғ ы	2 5 м а у с ы м д а ғ ы
N	2 5 5	қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Екінші деңгейдегі банктің немесе банктік холдингтің ірі қатысушысы мәртебесіне ие болуға келісім беру тәртібі туралы ереже

Ескерту: Ереженің атауына өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 27 қазандағы N 376 қаулысымен .

Осы Ереже "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы", "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы", " Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу мен қадағалау туралы " Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес әзірленді және қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі - уәкілетті орган) екінші деңгейдегі банктің (бұдан әрі - банк) немесе

банктік холдингтің ірі қатысушысы мәртебесіне ие болуға келісім беру тәртібін белгілейді.

Ескерту: Кіріспе жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 27 қазандағы N 376 қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

Ескерту: Ереженің бүкіл мәтіні бойынша "Ұлттық Банк", "Ұлттық Банктің", "Ұлттық Банкпен" деген сөздер тиісінше "уәкілетті орган", "уәкілетті органның", "уәкілетті органмен" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 27 қазандағы N 376 қаулысымен.

1. Банктің бірлескен ірі қатысушысы болып табылатын банктің, банктік холдингтің ірі қатысушы тұлғалары және бірлескен банктік холдинг болып табылатын тұлғалар Заңның 17-1 бабында айқындалған.

2. Банктің немесе банктік холдингтің бірлескен ірі қатысушысының банктің дауыс беруші акцияларын тікелей немесе жанама иелену үлесі банктің шығарылған (төленген) дауыс беруші акцияларының көлеміне қарай есептеледі.

3. Осы Ереженің талаптары Қазақстан Республикасының резидент немесе резидент емес бас банкінің Қазақстан Республикасының резидент еншілес банкін ашу немесе ие болу құқығына қолданылмайды.

2. Банктің немесе банктік холдингтің ірі қатысушысы мәртебесіне ие болуға рұқсат беру туралы өтініш беру және қарау тәртібі

4. Қазақстан Республикасының резидент немесе резидент емес заңды немесе жеке тұлғалары ие болу күніне дейін кем дегенде отыз күн бұрын:

дербес немесе басқа тұлғамен (тұлғалармен) бірлесіп банк акцияларының он (жиырма бес) және одан да көп процентіне тікелей немесе жанама ие болу, немесе

дербес немесе басқа тұлғамен (тұлғалармен) бірлесіп банктің дауыс беруші акцияларының он (жиырма бес) және одан да көп процентімен тікелей немесе жанама дауыс беру мүмкіндігі, немесе

шарттың күшіне қарай немесе басқаша түрде банк қабылдайтын шешімге ықпал ету (банк қабылдайтын шешімді анықтау) мүмкіндігі

осы Ережеге N 1 қосымшаның нысаны бойынша жасалған банктің немесе банктік холдингтің ірі қатысушысы мәртебесіне ие болуға уәкілетті органның келісімін алу туралы өтінішті уәкілетті органға беруге міндетті.

Тұлға банктің немесе банктік холдингтің ірі қатысушысы белгілеріне өзіне байланысты емес себептермен ие болған жағдайда, осы тұлғаның өзі немесе

уәкілетті орган банктің немесе банктік холдингінің ірі қатысушысы белгілеріне ие болу фактісін белгілеген күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде уәкілетті органға өтініш беруге міндетті.

5. Банктің немесе банктік холдингінің ірі қатысушысы мәртебесіне ие болуға уәкілетті органның келісімін алу туралы өтініш беруші тұлға өтінішпен қатар уәкілетті органға Заңның 17-1-бабының 2-тармағында көзделген құжаттар мен мәліметтерді береді, сонымен бірге өтініш беруші - жеке тұлға туралы қысқаша мәліметтер осы Ереженің N 2 қосымшасының нысаны бойынша беріледі, ал өтініш беруші - заңды тұлғаның басшы қызметкерлері туралы қысқаша мәліметтер осы Ереженің N 3 қосымшасының нысаны бойынша беріледі.

Резидент емес заңды тұлғалар жоғарыда көрсетілген құжаттардан басқа, Заңның 21-бабының 2-тармағында көзделген құжаттарды, сондай-ақ оларда уәкілетті орган белгілеген негізгі рейтинг агенттіктерінің бірінің ең аз талап етілген рейтингі бар екендігі туралы мәліметтерді қосымша береді.

6 . Е г е р т ұ л ғ а :

банктің ірі қатысушысы (банктік холдинг) болып табылатын (банк акцияларының тиісінше он (жиырма бес) және одан да көп процентімен дауыс беру мүмкіндігі бар) тұлғаның немесе

бірлесіп банктің ірі қатысушысы (банктік холдинг) болып табылатын тұлға тұлғалардың ең болмағанда біреуінің немесе

банктің ірі қатысушылары (банктік холдинг) болып табылатын немесе тікелей немесе банк акцияларының он (жиырма бес) және одан да көп процентімен басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу арқылы дауыс беру мүмкіндігі бар тұлғалардың тікелей немесе басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу арқылы акциялардың (қатысу үлесінің) отыз бес немесе одан да көп процентін иеленген (дауыс беру мүмкіндігі бар) тұлғалардың акцияларының отыз бес немесе одан да көп процентіне (қатысу үлесіне) ие болған (дауыс беруге мүмкіндігі болған) жағдайда, банктің акцияларын жанама иеленуші (дауыс беруші) болып танылады.

Сондай-ақ олар осы тармақтың екінші, үшінші және төртінші абзацтарында көрсетілген тұлғалардың акцияларының (қатысу үлесінің) жиынтығында отыз бес немесе одан да көп процентін иеленген (дауыс беру мүмкіндігі болған) жағдайда банк акцияларын жанама иеленуші (дауыс беруші) болып мынадай тұлғалар танылады :

- 1) заңды тұлға және оның басшы қызметкері болып табылатын жеке тұлға;
- 2) жақын туыстары болып табылатын жеке тұлғалар (ата-аналары, балалары, асырап алушылар, асырап алынғандар, бірге туған және бірге тұмаған бауырлары мен апа-қарындастары, атасы, әжесі, немерелері, ері (зайыбы);
- 3) заңды тұлға және осы заңды тұлғаның басшы қызметкерінің жақын туысы

болып табылатын жеке тұлға (осы заңды тұлғаның басшы қызметкерінің ата-аналары, балалары, асырап алушылар, асырап алынғандар, бірге туған және бірге тұмаған бауырлары мен апа-қарындастары, атасы, әжесі, немерелері, ері (з а й ы б ы) .

Ескерту: 6-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 27 қазандағы N 376 қаулысымен .

7. Уәкілетті орган өтінішті осы Ережеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын алған күннен бастап отыз күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде қ а р а й д ы .

Қажет болған жағдайда, уәкілетті орган Заңның 17-бабының 7-тармағына сәйкес банктің жарғылық капиталына тікелей немесе жанама қатысушы тұлғалардан ірі қатысушыны анықтауға қажетті басқа да ақпаратты сұратуға қ ұ қ ы л ы .

Құжаттарды белгіленген мерзімде немесе уақтылы бермеген жағдайда, не дұрыс емес ақпарат берілсе, бұрынғы уәкілетті орган алған құжаттар осы Ережеге сәйкес, қаралмай және шешім қабылданбай өтініш берушіге қайтарылады.

7-1. Банктің немесе банктік холдингтің ірі қатысушысы мәртебесіне ие болуға келісім алған тұлға көрсетілген келісімді, бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімінен немесе банк акцияларын сатып алғаны туралы куәландыратын эмиссиялық бағалы қағаздарды нақтылы ұстаушылардың жүйесінен алынған көшірмені алған күннен бастап алпыс күнтізбелік күн ішінде уәкілетті органға бермеген жағдайда, көрсетілген мерзім өткеннен кейін жоғарыда көрсетілген келісімнің қолданылуы тоқтатылады.

Ескерту: 7-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 27 қазандағы N 376 қаулысымен .

8. Бұрын банктің немесе банктік холдингтің ірі қатысушысы мәртебесіне ие болуға уәкілетті органның келісімін алған, бірақ бұдан кейін банктің немесе банктік холдингтің ірі қатысушысының белгілері жоқ тұлға осындай сәйкессіздік туындаған күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде оны растайтын құжаттарды ұсына отырып, бұрынғы уәкілетті орган берген келісімді қайтарып алу туралы өтініш беруге міндетті.

9. Бұрын банктік холдингтің ірі қатысушысы мәртебесіне ие болуға уәкілетті органның келісімін алған және бұдан кейін банктің ірі қатысушысы деген белгісі ғана бар тұлға осындай сәйкессіздік туындаған күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде мұндай өзгерісті растайтын құжаттарды ұсына отырып, бұрынғы уәкілетті орган берген келісімді қайтарып алу туралы өтініш беруге міндетті.

10. Банктің ірі қатысушысы немесе банктік холдинг отыз күндік мерзімде уәкілетті органға өзі тікелей немесе жанама иленетін немесе тікелей немесе жанама дауыс беру мүмкіндігі бар банктің дауыс беруші акциялар үлесінің өзгергенін растайтын құжаттарды ұсына отырып хабарлауға міндетті. Сонымен бірге мұндай өзгерістерге уәкілетті органның келісімін алу қажет емес.

3. Қорытынды ережелер

11. Банктердің ірі қатысушылары және банктік холдингтер өздеріне қойылған банк заңнамасының талаптарын сақтауға міндетті.

12. Осы Ереженің талаптарын бұзғаны үшін банктің ірі қатысушыларына және банктік холдингтерге уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заң кесімдерінде көзделген ықпал етудің шектеулі шараларын, санкцияларды және мәжбүр ету шараларын қолдануы мүмкін.

13. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуге тиіс.

Төраға
Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2001 жылғы 25 маусымдағы
N 255 қаулысымен бекітілген
Екінші деңгейдегі банктің
немесе банктік холдингтің
ірі қатысушысы мәртебесіне
ие болуға келісім беру
тәртібі туралы ережеге
N 1 қосымша

**Банктің немесе банктік холдингтің
ірі қатысушысы мәртебесіне ие болу туралы**

ӨТІНІШ

1. Өтініш беруші тұлға туралы мәліметтер:
- жеке тұлға - Қазақстан Республикасының резиденті
 - заңды тұлға - Қазақстан Республикасының резидент
- е м е с і

Өтініш беруші тұлға _____
(аты-жөні немесе толық атауы)

2. Өтініш беруші тұлғаның мемлекеттік тіркелгені туралы мәліметтер немесе

оны куәландыратын құжаттың деректері: _____

Тұрақты мекен-жайы немесе тұрған орны _____

(почталық индексі, елі, қаласы, көшесі, байланыс телефоны)

3. Банктің немесе банктік холдингтің ірі қатысушысының белгілері:

Банктің толық атауы: _____

банктің ірі қатысушысы - заңды тұлға (10%-тен 24,99%-ке дейін) _____

банктің ірі қатысушысы - жеке тұлға (10% және одан да көп) _____

банктік холдинг - заңды тұлға (25% және одан да көп) _____

банк акцияларын тікелей иемдену проценті _____

банк акцияларын жанама иемдену проценті _____

банк акцияларымен тікелей дауыс беру проценті _____

банк акцияларымен жанама дауыс беру проценті _____

банк қабылдайтын шешімге (шешімді анықтауға) басқаша ықпал ету

м ү м к і н д і г і _____

Рет № Банктің ірі қатысушысы болып табылатын өтініш беруші тұлғамен

N _____ немесе банктік холдингпен бірлескен тұлғалар

Рет № Жарғылық капиталдарға қатысу арқылы банктің дауыс беруші

N _____ акцияларын жанама иеленуді және акциялармен дауыс беруді

жүзеге асыратын заңды тұлғалардың толық атауы

4. Міндетті түрдегі мәліметтер (қоса беріледі):

1) банктің немесе банктік холдингтің ірі қатысушысы мәртебесіне ие болу туралы өтініш берушінің жоғарғы органы

ш е ш і м і н і ң к ө ш і р м е с і

2) банк акцияларын сатып алу шарттары мен тәртібі туралы

мәліметтер, оның ішінде сатып алу үшін пайдаланылатын

көздердің және ақша сомаларының сипаттамасы (растау

құжаттарымен қоса), өтініш беруші адамның мүддесін

білдіру тапсырылатын өтініш берушінің өкілі туралы

м ә л і м е т т е р ;

3) жеке тұлғалар үшін:

өтініш беруші тұлғаның басшы қызметкерлері туралы қысқаша мәліметтер, оған қоса білімі, еңбегі мен қызметі туралы, сондай-ақ сотты болғандығы туралы, банк қызметіне байланысты құқық бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылғаны туралы мәліметтер;

аудиторлық ұйым куәландырған өткен қаржы жылдарының соңғы екі жылындағы қаржылық есеп, сондай-ақ банктің немесе банктік холдингтің ірі қатысушысы мәртебесіне ие болуға келісім беру туралы шешім қабылдау алдындағы өткен соңғы екі тоқсандағы қаржылық есеп;

банктің немесе банктік холдингтің ірі қатысушысы мәртебесіне ие болуға байланысты қаржылық болжам, оған қоса өтініш берушінің ие болғаннан кейінгі болжамды есеп айрысу балансы, егер мұндайлар болса, өтініш берушінің банк активтерін сату, банкті басқа заңды тұлғалармен қосу немесе банктің қызметіне елеулі өзгерістер енгізу немесе басқару жөніндегі жоспарлары мен ұсыныстары (оған қоса бизнес жоспары мен ұйымдық құрылымы); олардың ірі қатысушы болып табылатын заңды тұлғалардың

т і з і м і .

5. Өтініш беруші тұлғаның мәліметтері мен міндеттемелерінің дұрыстығы :

Осы бойынша өтініш беруші тұлға өтініште көрсетілген мәліметтердің дұрыс және толық екендігін растайды, сондай-ақ банктің немесе банктік холдингтің ірі қатысушысыларына қатысты белгіленген Қазақстан Республикасының банктік заңнамасының талаптарын сақтауды міндетіне алады.

(Өтініш жасалған күн) өтініш жасаушы тұлғаның немесе (қолы, мөр) өтініш жасаушы тұлға басшысының аты-жөні

Қазақстан		Республикасының
Ұлттық	Банкі	Басқармасының
2001	жылғы	25 маусымдағы
N	255 қаулысымен	бекітілген
Екінші	деңгейдегі	банктің
немесе	банктік	холдингтің
ірі	қатысушысы	мәртебесіне
ие	болуға	келісім беру

тәртібі
N 2 қосымша

туралы

ережеге

**ІРІ ҚАТЫСУШЫ МӘРТЕБЕСІНЕ
ИЕ БОЛУ ТУРАЛЫ ӨТІНІШ БЕРГЕН
ЖЕКЕ ТҰЛҒА ТУРАЛЫ
ҚЫСҚАША ДЕРЕКТЕР**

1. Аты-жөні _____
2. Азаматтығы _____
3. Жеке басын куәландыратын құжаттағы деректер _____
4. Жұмыс орны (орындары), қызметі (қызметтері) _____
5. Еңбек қызметі туралы қысқаша тұжырымдама:

Жұмыс кезеңі	Жұмыс орны	Қызметі
--------------	------------	---------

6. Соттылығы туралы мәліметтер:

Күні	Сот органының атауы	Соттың мекен-жайы	Құқық бұзу түрі	Соттың шешімі
------	---------------------	-------------------	-----------------	---------------

қабылдаған күні

Белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар ма: _____

7. Банк қызметіне байланысты құқық бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылуы туралы мәліметтер:

Күні	Жауапкершілікке тарту туралы шешім қабылдаған орган	Органның мекен-жайы	Құқық бұзу түрі	Шешім қабылданған күні
------	---	---------------------	-----------------	------------------------

ЖОҒАРЫДАҒЫ ҰСЫНЫЛҒАН МӘЛІМЕТТЕРДІ РАСТАУ

Мен осы өтініштегі ақпаратты тексергенімді, оның дұрыс және толық екендігін растаймын және мен ұсынған өтініште бұрмалаушылықтар

мен қателіктер табылған жағдайда мұның банктің ірі қатысушысы мәртебесіне ие болу келісімін алудан бас тартуға негіз болатынын мойындаймын.

Аты жөні _____
(баспа әріптерімен)

Күні _____

Қолы _____

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2001 жылғы 25 маусымдағы
N 255 қаулысымен бекітілген
Екінші деңгейдегі банктің
немесе банктік холдингтің
ірі қатысушысы мәртебесіне
ие болуға келісім беру
тәртібі туралы ережеге
N 3 қосымша

**БАНКТІҢ/БАНКТІК ХОЛДИНГТІҢ ІРІ ҚАТЫСУШЫ МӘРТЕБЕСІНЕ
ИЕ БОЛУ ТУРАЛЫ ӨТІНІШ БЕРГЕН ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫҢ
БАСШЫ ҚЫЗМЕТКЕРІ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША МӘЛІМЕТТЕР**

_____ (банктің атауы)

1. Аты-жөні _____
2. Азаматтығы _____
3. Жеке басын куәландыратын құжаттағы деректер _____
4. Жұмыс орны (орындары), қызметі (қызметтері) _____
5. Жұмысының мекен-жайы (мекен-жайлары), байланыс телефоны _____

6. Білімі (оған қоса біліктілігін жоғарылату курстары) _____

Оқуға түскен және аяқтаған Оқу орнының атауы Мамандығы
ж ы л ы

7. Еңбек қызметі туралы қысқаша тұжырымдама: _____

Жұмыс кезеңі Жұмыс орны Қызметі

8. Соттылығы туралы мәліметтер:

Күні Сот органының атауы Соттың мекен-жайы Құқық бұзу Соттың
түрі шешім
қабылдаған
күні

Белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар ма:___

9. Банк қызметіне байланысты құқық бұзғаны үшін әкімшілік
жауапкершілікке тартылуы туралы мәліметтер:

Күні Жауапкершілікке тарту Органның Құқық бұзу Шешім
туралы шешім қабылдаған мекен-жайы түрі қабылданған
о р г а н к ү н

ЖОҒАРЫДАҒЫ ҰСЫНЫЛҒАН МӘЛІМЕТТЕРДІ РАСТАУ

Мен осы өтініштегі ақпаратты тексергенімді, оның дұрыс және толық екендігін растаймын.

Аты жөні _____

(баспа әріптерімен)

Күні _____

Қолы _____